CMYK

NEWS

ШҚО-да кене шаққандар иммуноглобулин салдырта алмай жүр 3-бет

25 қыркүйек 2025 жыл, бейсенбі

Нөмірдің таралымы – 1500

18+

# Менің өлкем



Нұрымбет Сақтағанов жұмысы сылбыр әкімдерге тапсырма жүктеді

4-бет



Зайсандық Мейір Рахметқалиев Қырғызстандағы арқан тартыс жарысында топ жарды

5-бет




Көлік вице-министрі Талғат Ластаев ШҚО-ға не үшін келді?

6-бет

## "Маймақ мазаны алды"



7-бет

## деп шағымданған облыс тұрғындары қауіп әлі қайтпағанын айтып жатыр

## Ашық есік күні өтеді

**27 қыркүйек сағат 09:00-13:00 аралығында Өскемендегі ШҚО Көпсалалы онкология және хирургия орталығында әйелдерге арналған Ашық есік күні ұйымдастырылады.**

Онкологтар жатыр мойны мен аналық бездің обыры, басқа да гинекологиялық қатерлі ісіктерді ерте анықтау және алдын алу мәселелеріне назар аудармақ.

Келушілер учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз мамандардан тегін кеңес алып, тексеруден өте алады. Тек жеке куәлігіңді алып келу керек.

**ШҚО Көпсалалы онкология және хирургия орталығының мекенжайы: Өскемен қ., Потанин көшесі, 6, 1 корпус (дәрігерлік амбулатория).**

**Қосымша ақпарат алу үшін 8-778-003-78-45, 8 (7232) 48-91-51 нөмірлеріне хабарласуға болады.**



## Жәрмеңкеге келіңіздер!

**Алдағы демалыс күні Өскеменде ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.**

**27 қыркүйек сағат 08:00-15:00 аралығында "Алтай" көтерме-бөлшек сауда орталығының аумағында (Жібек жолы, 44) Глубокое ауданынан** келген тауар өндірушілер мен кәсіпкерлердің жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Онда табиғи әрі сапалы өнімдерді тиімді бағада сатып алуға мүмкіндік бар.

